Егер де қабырғаның иілгіштігі оның шекті мәнінен аз болса, онда оның екінші реттік әсерлерін тексеру талап етілмейді.

Конструкцияның иілгіштігінің шектік мәні (2.6) формула арқылы анықталады.

$$\lambda_{lim} = \frac{20ABC}{\sqrt{n}} \quad (2.6)$$

мұндағы A – [12] бойынша 0,7 тең деп қабылданады;
 B – [12] бойынша 1,1 тең деп қабылданады;
 C – [12] бойынша 1,7 тең деп қабылданады;
 n – салыстырмалы бойлық күш:

$$n = \frac{N_{Ed}}{A_c \cdot f_{cd}} = \frac{1232,4 \cdot 10^3}{1000 \cdot 300 \cdot 17} = 0,24$$

мұндағы N_{Ed} – салыстырмалы бойлық күш;
 A_c – конструкция қимасының ауданы;
 f_{cd} – бетонның сығылуғы қарсы есептік кедергісі.

$$\lambda_{lim} = \frac{30 \cdot 0,7 \cdot 1,1 \cdot 1,7}{\sqrt{0,28}} = 74,21 \text{ мм}$$

Қабырғаның икемділігі (2.7) формуласымен анықталады.

$$\lambda = \frac{l_0}{i} \quad (2.7)$$

мұндағы l_0 – есептік ұзындық:

$$l_0 = 0.75 \cdot 3000 = 2250 \text{ мм}$$

i – бетон қимасының инерция моменті.

$$\lambda = \frac{2250}{34,6} = 65,02 \text{ мм}$$

$$\lambda = 65,02 \text{ мм} < \lambda_{lim} = 74,21 \text{ мм}$$

Қабырға икемділік шарттарына сәйкес келетіндіктен, оның екінші реттік әсерлерге төзімділігіне қосымша тексеріс қажет етілмейді. Құрылымдық арматуралау шаралары қабырғаға қолданылатын болады.

ҚР ЕЖ EN 1992-1-1:2004/2011 "Темірбетон конструкцияларын жобалау" нормативтік құжатының және осы ережелер жинағының ұлттық қосымшасының талаптарына сәйкес бойлық арматураның ең төменгі диаметрі 12 мм болуы қажет. Ал ҚР ҚЖ 2.02-30-2017 "Сейсмикалық аудандардағы құрылыс нормалары" бойынша қабырғаның перифериялық бөліктері кеңістіктік

жақтаулармен арматураланады. Бұл аймақтардың ұзындығы қабырға ұзындығының 15%-нан және қабырға қалыңдығының 1,5 есесінен кем болмауы тиіс.

Перифериялық жақтауларда қолданылатын бойлық арматураның диаметрі кемінде 8 мм болуы шарт. Сонымен қатар, бұл аймақтарда пайдаланылатын қысқыш элементтер жабық түрде тоқылып, арматуралық кеңістіктік жақтауды құрайды. Қысқыштардың диаметрі кем дегенде 6 мм болуы керек.

Өріс аймағының арматурасы көлденең шыбықтармен біріктірілген жалпақ тік жақтаулар негізінде орындалады. Мұндай тік жақтаулар 400 мм-ден аспайтын аралықпен орнатылады. Бұл жақтаулардағы бойлық арматура ретінде диаметрі 6 мм-ден кем емес шыбықтар қолданылады, ал көлденең арматура – диаметрі 4 мм-ден аз емес және 500 мм-ден аспайтын аралықпен орналасады.

Көлденең арматуралар диаметрі 5 мм-ден кем болмайтындай етіп таңдалуы қажет және олардың орнату қадамы 400 мм-ден аспауы тиіс. Перифериялық аймақтарда бұл арматура түрлері қабырға бойында тесілген болуы керек.

Темірбетон қабырғалар мен қаттылық диафрагмаларындағы тік және көлденең арматураның ең аз және ең көп қималық үлестері мынадай:

– перифериялық аймақтарда: бетон қимасының кемінде 0,2%-ы және 4%-дан аспауы керек;

– өріс аймақтарында: бетон қимасының кемінде 0,1%-ы және 4%-дан аспауы тиіс.

Қабырғаның перифериялық аймағының ұзындығы (2.8)-ге сәйкес есептеледі.

$$l_{\text{пер.зона}} = \max \left\{ \begin{matrix} 1,5h \\ 0,15l \end{matrix} \right. \quad (2.8)$$

мұндағы h - қабырғаның қалыңдығы;

l – қабырғаның ұзындығы.

$$l_{\text{пер.зона}} = \max \left\{ \begin{matrix} 1,5 \cdot 300 = 450 \text{ мм} \\ 0,15 \cdot 15000 = 2250 \text{ мм} \end{matrix} \right.$$

Сәйкесінше қабырғаның өрістік аймағының ұзындығы 10,5 метрді құрайды.

Қабырғаның перифериялық аймағы үшін минималды арматураның ауданы:

$$A_{s,\text{min}}^{\text{пер.зона}} = 0,2\% A_c = \frac{0,2 \cdot 1000 \cdot 300}{100} = 600 \text{ мм}^2$$

Қабырғаның перифериялық аймағы үшін максималды арматураның ауданы:

$$A_{s,max}^{поле.зона} = 4\%A_c = \frac{4 \cdot 1000 \cdot 300}{100} = 12000 \text{ мм}^2$$

Конструктивті түрде қабырғаның перифериялық аймағы үшін тік арматура ретінде қадамы 150 мм тең, диаметрі 12мм құрайтын арматура, ал тік арматураларды өзара байланыстыру үшін қадамы 150 мм, диаметрі 6 мм хомут қабылданды.

Қабырғаның өрістік аймағы үшін минималды арматураның ауданы:

$$A_{s,min}^{поле.зона} = 0,1\%A_c = \frac{0,1 \cdot 1000 \cdot 300}{100} = 300 \text{ мм}^2$$

Қабырғаның өрістік аймағы үшін максималды арматураның ауданы:

$$A_{s,max}^{поле.зона} = 4\%A_c = \frac{4 \cdot 1000 \cdot 300}{100} = 12000 \text{ мм}^2$$

Конструктивті түрде қабырғаның өрістік аймағы үшін тік арматура ретінде қадамы 200 мм тең, диаметрі 12мм құрайтын арматура, ал көлденең арматура ретінде қадамы 200 мм, диаметрі 10 мм арматура қабылданды.

Бағанды есептеу кезінде екінші ретті әсерлерді ескеру қажет пе – құрылымның деформациясына байланысты әсердің қосымша әсерлері. Егер бағанның икемділігі (λ) λ_{lim} мәнінен аз болса, екінші ретті әсерлер ескерілмеуі мүмкін.

Конструкцияның иілгіштігінің шектік мәні (2.9) формула арқылы анықталады,

$$\lambda_{lim} = \frac{20ABC}{\sqrt{n}} \quad (2.9)$$

мұндағы A – [12] бойынша 0,7 тең деп қабылданады;
 B – [12] бойынша 1,1 тең деп қабылданады;
 C – [12] бойынша 1,7 тең деп қабылданады;
 n – салыстырмалы бойлық күш:

$$n = \frac{N_{Ed}}{A_c \cdot f_{cd}} = \frac{1650 \cdot 10^3}{500 \cdot 500 \cdot 11,3} = 0,65$$

мұндағы N_{Ed} – салыстырмалы бойлық күш;

A_c – конструкция қимасының ауданы;
 f_{cd} – бетонның сығылуғы қарсы есептік кедергісі.

$$\lambda_{lim} = \frac{30 \cdot 0,7 \cdot 1,1 \cdot 1,7}{\sqrt{0,65}} = 25,64 \text{ мм}$$

Қабырғаның икемділігі (2.10) формуласымен анықталады.

$$\lambda = \frac{l_0}{i} \quad (2.10)$$

мұндағы l_0 – есептік ұзындық:

$$l_0 = 0.5 \cdot 3000 = 1500 \text{ мм}$$

i – бетон қимасының инерция моменті:

$$i = \sqrt{\frac{I}{A_c}} = \sqrt{\frac{5,21 \cdot 10^9}{500 \cdot 500}} = 132,8 \text{ мм}$$

$$\lambda = \frac{1500}{144,4} = 11,29 \text{ мм}$$

$$\lambda = 11,29 \text{ мм} < \lambda_{lim} = 25,64 \text{ мм}$$


Ұстынның икемділік шарты орындалғандықтан оның екінші реттік әсерін тексеру талап етілмейді.

Ұстынның қимасын және арматураларын таңдау Формула бойынша анықтаймыз:

$$\frac{c_1}{h} = \frac{c_2}{h} = \frac{3}{50} = 0,06$$

$$V_{Ed} = \frac{N_{Ed}}{b h f_{cd}} = \frac{-1650 \cdot 10^3}{500 \cdot 500 \cdot 11,3} = -0,76$$

$$\alpha_{Eds} = \frac{M_{Eds}}{f_{cd} \cdot d^2 \cdot b} = \frac{255 \cdot 10^6}{11,3 \cdot 500 \cdot 500^2} = 0,2$$



2.4-сурет – Бойлық күш пен бір осьті илудің жүк көтергіштігін анықтау диаграммасы

«2.4 суретке сәйкес» ұстынның жүк көтергіштігі $w_{\text{tot}} = 0,3$ тең.

$$A_{s,\text{tot}} = w_{\text{tot}} \cdot b \cdot \frac{h}{\left(\frac{f_{yd}}{f_{cd}}\right)} = \frac{0,3 \cdot 50 \cdot 50}{\frac{435}{11,3}} = 24,7 \text{ см}^2$$

Есептеу нәтижелерінен ұстынға 8Ø20 S500 ($A_s = 25,14 \text{ см}^2$) бойлық арматурасы қабылданды.

Көлденең арматураның диаметрі 6 мм кем емес немесе бойлық арматураның ең үлкен диаметрінің 1/4 қабылданады. $S_{cl,\text{max}}$ көлденең арматурасының қадамы үшеуінің кіші мәніне тең болуы керек:

- 1) $20 \cdot d = 20 \cdot 25 = 500 \text{ мм}$
- 2) $h_{\text{min}} = 500 \text{ мм}$
- 3) 400 мм

Диаметрі 8 мм көлденең арматураны 400 мм қадаммен қабылдаймыз.

Бойлық және көлденең арматураны анықтағаннан кейін мен арматуралық раманың дизайнын, спецификацияны және бағанның арматурасын жасаймыз.

3 Құрылыстың ұйымдастыру-технологиялық бөлімі

Кез келген жұмыс бірқатар құрылыс процестерінен тұрады. Құрылыс процессі – құрылыс алаңында болып жатқан және ғимарат пен құрылысыт тұрғызу, жөндеу немесе қайта құру мақсатындағы өндірістік процесс.

Құрылыс алаңын дайындаудың іс-шараларының жиынтығы – іргетастарды, жертөлелерді және ғимараттың басқа жерасты бөліктерінің жұмыстарын қамтитын құрылыстың нөлдік циклі.

3.1 Бастапқы деректерді дайындау және нақтылау

Беткейлердегі топырақтың тұрақтылығы топырақтың тұрақтылық күйінде болған кездегі топырақтың физикалық қасиеттерімен сипатталады. Топырақтың орнықтылығы беткейлердің тіктігімен анықталады және де (3.1) формуласымен көрсетілген.

$$\frac{H}{a} = \frac{1}{m}$$

мұндағы H – еңіс биіктігі;

a – еңістің төселуі немесе еңістің көкжиекке проекциясы;

m – көлбеу коэффициенті, 3.1 кестеде көрсетілген.

Кесте 3.1 – Уақытша шұңқырлар мен траншеялардың, орындалатын бекітпелердің беткейлерінің ең үлкен рұқсат етілген тік болуы

Топырақ тобы	Топырақ түрі	Шұңқырдың тереңдігі, м					
		1,5 м дейін		1,5-тен 3 метрге дейін		3-тен 5 метрге дейін	
		Көлбеу бағыты мен көлденең арасындағы бұрыш, град	Көлбеудің тік коэффициенті	Көлбеу бағыты мен көлденең арасындағы бұрыш, град	Көлбеудің тік коэффициенті	Көлбеу бағыты мен көлденең арасындағы бұрыш, град	Көлбеудің тік коэффициенті

3.1-кестенің жалғасы

III	Саздақ	90	1	63	0,5	53	0,75
	Балшық	90	1	76	0,25	63	0,5

3.2 Жұмыс көлемін анықтау

Уақытша жер жұмыстарын дайындау мен ғимараттың іргетасын салу жұмыстары 3.2 кестеде көрсетілген.

Кесте 3.2 – Жұмыс көлемінің ведомостісі

№	Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Сандық деректер
1	Уақытша қоршауды орнату	м	
2	Өсімдік қабатын кесу	м ³	
3	Қазаншұңқырдағы топырақты және қазаншұңқырға шығуды дайындау	м ³	
4	Топырақтың тапшылығын өңдеу	м ³	
5	Іргетастың бетон төсеніш есебі	м ³	
6	Арматураны орнату	т	
7	Қалыпты орнату	м ²	
8	Іргетасты бетондау	м ³	
9	Қалыптарды шешу	м ²	
10	Іргетасты гидроизоляциялау	м ²	
11	Топырақты қайта толтыру	м ³	
12	Топырақты тығыздау	м ²	
13	Құрылыс аймағын түпкілікті жоспарлау	м ²	
14	Уақытша қоршауды шешу	м	

Құрылыс жұмыстарын бастамас бұрын құрылыс алаңын қоршау жұмыстарын атқару керек. Қоршау алаңының периметрі (3.2) формула арқылы анықталады.

$$P_{\text{қоршау}} = (20 + l_1) \cdot 2 + (20 + l_2) \cdot 2 \quad (3.2)$$

мұндағы l_1, l_2 – ғимараттың ұзындығы мен ені, м.

$$P_{\text{қоршау}} = (20 + 120) \cdot 2 + (20 + 54) \cdot 2 = 428 \text{ м}$$

Қазаншұңқырды дайындау кезіндегі өсімдік қабатының кесу ауданын (3.3) формула арқылы анықтау қажет:

$$S_1 = (10 + l_{1.п.в} + 10) \cdot (10 + l_{2.п.в} + 10) \quad (3.2)$$

$$S_1 = (10 + 128,75 + 10) \cdot (10 + 62,75 + 10) = 12\,309,06 \text{ м}^2$$

мұндағы $l_{1.п.в}$ – шұңқырдың жоғарғы деңгейіндегі ұзындығы, м;

$l_{2.п.в}$ – шұңқырдың жоғарғы деңгейіндегі ені ені, м;

$$l_{1.п.в} = l_{1.п.н} + 2mh \quad (3.2)$$

$$l_{2.п.в} = l_{2.п.н} + 2mh \quad (3.2)$$

$$l_{1.п.в} = l_{1.п.н} + 2mh = 122,6 + 2 \cdot 0,75 \cdot 4,1 = 128,75 \text{ м}$$

$$l_{2.п.в} = l_{2.п.н} + 2mh = 56,6 + 2 \cdot 0,75 \cdot 4,1 = 62,75 \text{ м}$$

мұндағы $l_{1.п.н}$ – шұңқырдың төменгі жағы бойынша ұзындығы, м;

$l_{2.п.н}$ – шұңқырдың төменгі жағы бойынша ені, м;

h – еңіс биіктігі, м;

m – көлбеу коэффициенті, 3.1.1 кестеде көрсетілген.

$$l_{1.п.н} = l_1 + (1,3 \cdot 2) \quad (3.2)$$

$$l_{2.п.н} = l_2 + (1,3 \cdot 2) \quad (3.2)$$

мұндағы 1,3 м – жұмысшының құрылымға қол жеткізуіне арналған ось пен көлбеу түбінің арасындағы қашықтық;

l_1, l_2 – жоспарға сәйкес ғимараттың ұзындығы мен ені, м.

$$l_{1.п.н} = 120 + (1,3 \cdot 2) = 122,6 \text{ м}$$

$$l_{2.п.н} = 65 + (1,3 \cdot 2) = 56,6 \text{ м}$$

Өсімдік қабатының кесуінің толық көлемі (3.8) формула арқылы анықталады.

$$V_{ср} = S_1 \cdot 0,15 \text{ м} \quad (3.2)$$

мұндағы S_1 – өсімдік қабатының кесу ауданы.

$$V_{\text{ср}} = 12\,309,06 \cdot 0,15 = 1\,846,35 \text{ м}^3$$

Қазаншұңқырдағы топырақты және қазаншұңқырға шығуға дайындау үшін қазаншұңқырдың көлемі (3.9) формула арқылы анықталады.

$$V_{\text{к}} = \frac{h}{6} \cdot [(2 \cdot l_{1.\text{п.н}} + l_{1.\text{п.в}}) \cdot l_{2.\text{п.н}} + (2 \cdot l_{1.\text{п.в}} + l_{1.\text{п.н}}) \cdot l_{2.\text{п.в}}] \quad (3.2)$$

мұндағы h – шұңқырдың тереңдігі, м.

$$\begin{aligned} V_{\text{к}} &= \frac{4,1}{6} \cdot [(2 \cdot 122,6 + 128,75) \cdot 56,6 + (2 \cdot 122,6 + 128,75) \cdot 62,75] \\ &= 37928,50 \text{ м}^3 \end{aligned}$$

Қазаншұңқырға түсетін траншеяның құрылысының жер жұмыстарының көлемі (3.10) формула арқылы есептелінеді.

$$V_{\text{тр.с}} = \beta' \cdot \left(\frac{b \cdot h^2}{2} + \frac{h^3 \cdot m}{3} \right) \quad (3.2)$$

мұндағы β' – түсу траншеясының түбін төсеу коэффициенті, $\beta' = \frac{100}{i} = \frac{100}{10} = 10$;

i – съездің көлбеуі, % (жоба үшін 10%);

h – қазаншұңқырдың тереңдігі, м;

b – түсу траншеясының ені, бір жақты қозғалыс болса 3,5 метрге тең, екі жақты қозғалыс болса 6 метрге тең;

m – көлбеу еңістің коэффициенті, 3.1 кестеде көрсетілген.

$$V_{\text{тр.с}} = 10 \cdot \left(\frac{6 \cdot 4,1^2}{2} + \frac{4,1^3 \cdot 0,75}{3} \right) = 676,60 \text{ м}^3$$

Қазаншұңқырдың топырағының тапшылығын өңдеу үшін (3.11) формула қоладынылады.

$$V_{\text{топ. жетіспеушілігі}} = F_{\text{к}} \cdot \Delta h_{\text{н}} \quad (3.2)$$

мұндағы $F_{\text{к}}$ – қазаншұңқыр түбінің ауданы:

$$F_{\text{к}} = l_{1.\text{п.н}} \cdot l_{2.\text{п.н}} = 122,6 \cdot 56,6 = 6939,16 \text{ м}^2$$

$\Delta h_{\text{н}} = 0,05 \div 0,2$ – экскаватормен өңдеу кезіндегі топырақ тапшылығының мөлшері, м.

$$V_{\text{топ. жетіспеушілігі}} = 6939,16 \cdot 0,125 = 867,39 \text{ м}^3$$

Бір іргетас үшін бетон төсенішінің көлемі (3.12) формула арқылы есептелінеді.

$$W_{\Pi} = F_{\Pi} \cdot h_{\Pi} \quad (3.2)$$

$$W_{\Pi} = F_{\Pi} \cdot h_{\Pi} = 8042,1 \cdot 0,1 = 804,21 \text{ м}^3$$

мұндағы h_{Π} – бетонды төсенішінің қалыңдығы, $h_{\Pi} = 0,1 \text{ м}$;

F_{Π} – бетон төсенішінің ауданы:

$$F_{\Pi} = a_1 \cdot b_1 = 8042,1 \cdot 1 = 8042,1 \text{ м}^2$$

мұндағы a_1, b_1 – бетонды төсенішінің өлшемдері.

Плиталы іргетастың арматурасының көлемі (3.13) формула арқылы есептеледі.

$$G_1 = g \cdot V_{\Phi} \quad (3.2)$$

$$G_1 = 100 \cdot 894,11 = 89411 \text{ кг} = 89,411 \text{ т}$$

мұндағы g – 1 м^3 бетонға кеткен арматура шығыны, ($100\text{-}150 \text{ кг/м}^3$);

V_{Φ} – таспалы іргетастың көлемі:

$$\begin{aligned} V_{\Phi} &= (h_{\Phi(\text{в})} \cdot 0,3 \cdot P_{\text{іргетас}}) + (h_{\Phi(\text{н})} \cdot 0,8 \cdot P_{\text{іргетас}}) = \\ &= (1 \cdot 0,3 \cdot 558) + (4,1 \cdot 0,8 \cdot 558) = 1997,64 \text{ м}^3 \end{aligned}$$

мұндағы V_{Φ} – плиталы іргетастың көлемі;

$h_{\Phi(\text{в})}$ – ғимараттың жертөле бөлігінің биіктігі;

$h_{\Phi(\text{н})}$ – іргетас негізінің биіктігі;

$P_{\text{іргетас}}$ – сызба бойынша іргетас шекарасының ұзындығы.

Плиталы іргетастың қалпының ауданын есептеу үшін (3.14) формула қолданылады.

$$S_{\text{қалып}} = P_{\text{іргетас}} \cdot h_{\text{іргетас}} \quad (3.14)$$

мұндағы $h_{\text{іргетас}}$ – іргетастың биіктігі;

$P_{\text{іргетас}}$ – сызба бойынша іргетас шекарасының ұзындығы.

$$S_{\text{қалып}} = 558 \cdot 1 = 558 \text{ м}^2$$

Іргетастың бетонның көлемі (3.15) формуласы арқылы анықталады.

$$V_{\phi} = (h_{\phi(\text{в})} \cdot 0,3 \cdot P_{\text{іргетас}}) + (h_{\phi(\text{н})} \cdot 0,8 \cdot P_{\text{іргетас}}) \quad (3.14)$$

$$V_{\phi} = (1 \cdot 0,3 \cdot 558) + (4,1 \cdot 0,8 \cdot 558) = 1997,64 \text{ м}^3$$

мұндағы $h_{\phi(\text{в})}$ – іргетас негізінің биіктігі, тұтасқұймалы таспалы іргетас қимасынан қаралады;

$h_{\phi(\text{н})}$ – ғимараттың жерасты бөлігінің биіктігі, тұтасқұймалы таспалы іргетас қимасынан қаралады.

$P_{\text{іргетас}}$ – сызба бойынша іргетас шекарасының ұзындығы.

Гидроизоляцияның келесі түрі қабылданды – жағармай гидроизоляциясы. Бояу боялған бетке битум мастикасын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Қолданылатын қабаттар саны - 2 қабат. Плиталы іргетастың гидрооқшауланатын бетінің ауданы (3.16) формула арқылы есептеледі:

$$S_{\text{гидр}} = [(h_{\phi(\text{в})} \cdot P_{\text{іргетас}}) + (0,25 + 0,3) \cdot P_{\text{іргетас}}] \cdot 2 \quad (3.16)$$

мұндағы $h_{\phi(\text{в})}$ – ғимараттың жертөле бөлігінің биіктігі;

$P_{\text{іргетас}}$ – ғимараттың іргетасының периметрі.

$$S_{\text{гидр}} = [(4,1 \cdot 558) + (0,25 + 0,3) \cdot 558] \cdot 2 = 2901,6 \text{ м}^2$$

Жертөлелері бар ғимараттағы шұңқырға қайта толтырылатын топырақтың көлемі (3.17) формула бойынша анықталады.

$$V_{\text{қт}} = \frac{V_{\text{к}} - V_{\phi} - V_{\text{под}}}{1 + K_{\text{ор}}} \quad (3.17)$$

мұндағы $V_{\text{к}}$ – қазаншұңқырдың көлемі;

V_{ϕ} – плиталы іргетастың көлемі;

$V_{\text{под}}$ – жертөленің көлемі:

$$V_{\text{под}} = l_1 \cdot l_2 \cdot h_{\phi(\text{в})} = 120 \cdot 54 \cdot 4,1 = 26568 \text{ м}^3$$

$K_{\text{ор}}$ – қалдық қопсыту коэффициенті, 3.3 кестеде көрсетілген.

$$V_{\text{КТ}} = \frac{37928,5 - 1997,64 - 26568}{1 + 1,07} = 4523,12 \text{ м}^3$$

Кесте 3.3 – Топырақ қопсытқыштарының көрсеткіштері

Топырақ атауы	Өңдеу жұмыстарынан кейінгі топырақ көлемінің бастапқы өсуі, %	Топырақтың қалдық қопсытуы, %
Саздақ:		
жеңіл	18...24 (1,18...1,24)	3...6 (1,03...1,06)
ауыр	24...30 (1,24...1,30)	5...9 (1,05...1,09)

Қазаншұңқырды қайта толтыру жұмыстары аяқталғаннан кейін, топырақты тығыздау жұмыстары атқарылады. Топырақты тығыздау көлемі оның тығыздау ауданымен өлшенеді. Топырақты тығыздау (3.18) формуласы арқылы анықталады.

$$F_{\text{тығ}} = \frac{V_{\text{КТ}}}{h_{\text{т}}} \quad (3.18)$$

мұндағы $V_{\text{КТ}}$ – кері толтыру көлемі, м^3 ;
 $h_{\text{т}}$ – тығыздалатын қабат биіктігі, $0,2 \div 0,4 \text{ м}$.

$$F_{\text{тығ}} = \frac{4523,12}{0,3} = 15077,06 \text{ м}^3$$

Құрылыс алаңындағы жер асты жұмыстар толығымен аяқталған соң құрылыс орнын толығымен жоспарлау жұмыстары жүргізіледі. Құрылыс аймағын түпкілікті жоспарлау (3.19) формула арқылы анықталады.

$$S_{\text{жоспарлау}} = S_1 - S_{\text{ғимарат}} \quad (3.18)$$

мұндағы S_1 – қазаншұңқырдың өсімдік қабатын кесу ауданы;
 $S_{\text{ғимарат}}$ – ғимараттың ауданы.

$$S_{\text{жоспарлау}} = 12\,309,06 - 3816 = 8\,493,06 \text{ м}^2$$

Құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін құрылыс алаңының қоршауын алу жұмыстары жүргізіледі. Қоршау алаңының периметрі (3.20) формула бойынша анықталады:

$$P_{\text{қоршау}} = (20 + l_1) \cdot 2 + (20 + l_2) \cdot 2 \quad (3.2)$$

мұндағы l_1, l_2 – ғимараттың ұзындығы мен ені, м.

$$P_{\text{қоршау}} = (20 + 120) \cdot 2 + (20 + 54) \cdot 2 = 428 \text{ м}$$

3.3 Жер жұмыстары үшін құрылыс машиналарын таңдау

ДЗ-27С, Т-130 бульдозері.

Құрылыс аймағының өсімдік қабатының кесу жұмыстары бульдозер немесе қырғыш арқылы жасалынады. Құрылыс көлігін таңдау барысында өсімдік қабатының кесу технологиялық процессіне өсімдік қабатын кесу мен топырақты тасымалдау жұмыстарының жататынын да ескеру қажет.

Бульдозердің ауысымды жұмыс өнімділігі (3.21) формуласымен анықталады.

$$П_э = \frac{60 \cdot T \cdot q \cdot \alpha \cdot K_в}{T_n + T_n + \frac{l_r}{V_r} + \frac{l_n}{V_n}} \quad (3.21)$$

мұндағы T – бульдозердің ауысымдағы жұмыс ұзақтығы, 8 сағат;

q – бульдозердің үйіндімен тасымалданатын топырақтың көлемі, м^3 ;

α – қозғалыс кезіндегі топырақтың жоғалуын ескеретін коэффициент, $\alpha = 1 + 0,005 \cdot l_r = 1 + 0,005 \cdot 100 = 1,5$;

$K_в$ – көлікті уақыт бойынша пайдалану коэффициенті, қопсытылған тау жыныстарының тасымалдау кезінде – 0,75, басқа жағдайларда – 0,8;

T_n – санат бойынша топырақ жинау уақыты, мин;

T_n – жылдамдықты ауыстыруға жұмсалатын уақыт, мин;

l_r, l_n – жүксіз көлік пен топырақ арасындағы арақашықтық;

V_r, V_n – топырақты жылжыту кезіндегі бульдозердің жылдамдығы (жүктелген) және алдыңғы (бос), м/мин.

$$П_э = \frac{60 \cdot 8 \cdot 3,5 \cdot 1,5 \cdot 0,8}{0,24 + 0,14 + \frac{100}{9,9} + \frac{100}{8,8}} = 92,3$$



Э0-5111А экскаваторы.

Экскаваторды таңдау қазаншұңқырдағы топырақ көлеміне байланысты. Экскаваторлардың әрбір түрі үшін қазаншұңқырдағы 1м^3 топырақтың құнын анықтау үшін (3.22) формуласы қолданылады.

$$C_{(1)} = \frac{1,08 \cdot C_{\text{маш-ауыс}}}{P_{\text{см.выр}}} \quad (3.21)$$

$$C_{(1)} = \frac{1,08 \cdot 80,44}{3,42} = 25,40$$

мұндағы 1,08 – үстеме шығындарды ескеретін коэффициент;

$C_{\text{маш.-ауыс}}$ – экскаватордың жұмыс ауысым құны;

$P_{\text{см.выр.}}$ – топырақтың өндірісі мен көлік құралына тиеу жұмысын ескеретін экскаватордың ауысымдық өндірісі:

$$P_{\text{см.выр.}} = \frac{V_K}{\sum N_{\text{маш-ауыс}}} = \frac{37982,5}{11100} = 3,42$$

мұндағы $\sum N_{\text{маш-ауыс}}$ – экскаватор машинасының ауысымының жалпы сан:

$$\sum N_{\text{маш-ауыс}} = \frac{V_K}{100} \cdot H_{\text{вр}} + \frac{V_{\text{тр.с}}}{100} \cdot H_{\text{вр}} = \frac{37982,5}{100} \cdot 28,9 + \frac{676,6}{100} \cdot 28,9 = 11\,100$$

мұндағы $H_{\text{вр}}$ – экскаватор циклінің нормативтік ұзақтығы.

Экскаваторға қазаншұңқырдың 1 м^3 топырағын өңдеуге кететін үлестік капиталды салымдар (3.23) формуласы арқылы анықталады.

$$K_{\text{уд.}(1,2)} = \frac{1,07 \cdot C_{\text{о.п}}}{P_{\text{см.выр.}} \cdot t_{\text{жыл}}} \quad (3.21)$$

мұндағы $C_{\text{о.п}}$ – экскаватордың инвентарлық-есептік құны;
 $P_{\text{см.выр.}} \cdot t_{\text{жыл}}$ – экскаватордың жұмыс ауысымының нормаланған саны, шамамен экскаватордың шөмішінің көлемі $0,65\text{ м}^3$ аз болса – 350 ауысым, экскаватордың шөмішінің көлемі $0,65\text{ м}^3$ көп болса – 300 ауысым.

$$K_{\text{уд.}(1)} = \frac{1,07 \cdot 72,9}{300} = 0,26$$

1 м^3 топырақты өңдеуге жұмсалған шығындар (3.24) формуласымен есептелінеді.

$$P_{\text{уд.}(1)} = C_{(1)} + (E_{\text{н}} \cdot K_{\text{уд.}(1)}) \quad (3.21)$$

мұндағы $E_{\text{н}}$ – 0,15, күрделі салымдар тиімділігінің нормативтік коэффициенті.

$$P_{\text{уд.}(1)} = 25,40 + (0,15 \cdot 0,26) = 25,43$$

Экскаватордың пайдалану өнімділігі (3.25) формуласы арқылы анықталады.

$$P_{\text{э}} = T \cdot 60 \cdot g \cdot n \cdot K_l \cdot K_b \quad (3.21)$$

мұндағы T – ауысымның ұзақтығы, 8сағат;

g – экскаватор шөмішінің көлемі;

n – минут ішіндегі цикл саны $\frac{60}{t_{\text{ц}}} = \frac{60}{28,9} = 2,16$;

K_l – шөміш көлемінің пайдалану коэффициенті;

K_b – ауысым уақытын пайдалану коэффициенті (0,8–0,85);

$t_{\text{ц}}$ – бір циклдің ұзақтығы.

$$P_{\text{э}} = 8 \cdot 60 \cdot 1,25 \cdot 2,16 \cdot 0,8 \cdot 0,8 = 829,44$$



ДУ-47 топырақты тығыздау машинасы.

Топырақты тығыздау көлігінің пайдалану өнімділігі (3.26) арқылы анықталады.

$$П_9 = \frac{(B - b) \cdot \vartheta \cdot 1000 \cdot h \cdot T}{m} \cdot 0,85 \quad (3.21)$$

мұндағы B – тығыздау жолағының ені, м;

b – іргелес жолақтардың қабаттасу ені, 0,1 – 0,2 м;

ϑ – қозғалыстың орташа жылдамдығы, 4 – 6 км/сағ;

h – тиімді тығыздау қабатының қалыңдығы;

m – қажетті жолақ саны (8...10).

$$П_9 = \frac{(2,2 - 0,15) \cdot 6 \cdot 1000 \cdot 0,4 \cdot 8}{10} \cdot 0,85 = 3345,6$$

КрАЗ-222 автосамосвалы.

Қазақшұңғырдан артық топырақты тасу үшін экскаватормен құрамдас машиналар ретінде автосамосвалды қолданады. Автосамосвалды оның корпусының сыйымдылығы мен жүк көтергіштік сипатамаларына байланысты қабылдайды.

Экскаватордың шөмішіндегі топырақтың көлемін (3.27) формула арқылы есептелінеді.

$$V_{гр} = \frac{V_{ков} \cdot K_{нап}}{K_{пр}} \quad (3.21)$$

мұндағы $V_{ков}$ – экскаватордың шөмішінің сыйымдылығы;

$K_{\text{нап}}$ – шөміштің сыйымдылығының коэффициенті: тікелей күреу үшін 1-ден 1,25 аралығында; кері күрек үшін 0,8 бен 1 аралығында;
 $K_{\text{пр}}$ – топырақтың бастапқы қопсыту коэффициенті.

$$V_{\text{гр}} = \frac{1,25 \cdot 1,25}{1,3} = 1,2 \text{ м}^3$$

Экскаватордың шөмішінің ішіндегі топырақтың салмағын (3.28) формуласымен анықталады.

$$Q = V_{\text{гр}} \cdot \nu \quad (3.21)$$

мұндағы ν – топырақтың орта тығыздығы (БНМБ бойынша): саздақ үшін – 2300 кг/м³;

$V_{\text{гр}}$ – топырақтың көлемдік массасы.

$$Q = 1,2 \cdot 2,3 = 2,76 \text{ т}$$

Автосамосвал корпусына тиелетін топырақ шөміштерінің саны (3.29) формуласымен анықталады.

$$n = \frac{\Pi}{Q} \quad (3.21)$$

мұндағы Π – автосамосвалдың жүккөтергіші.

$$n = \frac{10}{2,76} = 3,62 \approx 4$$

Автосамосвалдың тиелген топырақтың көлемін (3.30) формуласымен анықталады.

$$V = V_{\text{гр}} \cdot n \quad (3.21)$$

$$V = 1,2 \cdot 4 = 4,8$$

Автосамосвалдың бір циклдағы атқаратын жұмысының ұзақтығын (3.31) формуласымен анықталады.

$$T_{\text{ц}} = t_n + \frac{60L}{V_r} + t_p + \frac{60L}{V_n} + t_m \quad (3.21)$$

мұндағы t_n – топырақты тиеу уақыты:

$$t_n = \frac{V \cdot H_{\text{вр}} \cdot 60}{100} = \frac{4,8 \cdot 28,9 \cdot 60}{100} = 83,23 \text{ мин}$$

мұндағы $H_{\text{вр}}$ – көлік уақытының нормасы (БНМБ бойынша);

L – топырақты тасымалдау қашықтығы, км;

V_r – жүк тиелген күйдегі автосамосвалдың орташа жылдамдығы, км/сағ;

V_n – автосамосвалдың бос күйдегі орташа жылдамдығы, км/сағ;

t_p – жүкті түсіру ұзақтығы, мин;

t_m – қосалқы операциялардың уақыты (тиеуге орнату уақыты, түсіруге кететін уақыт, экскаватор жанында күті уақыты, қарсы самосвалды өткізуге кететін уақыт), мин.

$$T_{\text{ц}} = 83,23 + \frac{60 \cdot 100}{23} + 0,8 + \frac{60 \cdot 100}{27} + (0,3 + 0,6 + 0,6 + 1) = 569 \text{ мин}$$

Қажетті автосамосвалдың санын (3.32) формула арқылы анықталады.

$$N = \frac{T_{\text{ц}}}{t_n} \quad (3.21)$$

$$N = \frac{492}{83,23} = 5,9 \approx 6$$

Автосамосвалдардың санын ең жақын бүтін санмен қабылданады, экскаватор жұмыс істеп тұрған кездегі ауысымдық тапсырманы артығымен орындауы ескерілген жағдайда.



3.5-сурет – КрАЗ-222 автосамосвалы

XCMG QY25K5 автокраны.

Монтаждау кранын таңдаған жағдайда қазаншұңқырдың өлшемдері, ғимараттың жерасты бөліктері, орнатылатын конструкцияларға өажетті материалдардың салмағы ескеріледі.

Кран ілгегінің көтеру биіктігі (3.33) формуласымен анықталады.

$$H_{\pi} = h_1 + h_2 + h_3 + h_4 \quad (3.21)$$

мұндағы h_1 – салынатын ғимараттың жер үсті бөлігінің биіктігі, м;
 h_2 – орнатылатын элементтің биіктігі (3÷5), м;
 h_3 – ғимараттың жоғарғы деңгейінен жүктің төменгі бөлігіне дейінгі биіктік (0,5...1,0 м);
 h_4 – жүк көтергіш құрылғылардың биіктігі (2÷4,5 м).

$$H_{\pi} = 18 + 5 + 1 + 3 = 27 \text{ м}$$

Ғимараттың жер асты бөлігін монтаждау кезінде жебенің ұшу ұзындығы (3.34) формуласымен есептелінеді.

$$L_H = a + c + B_{\pi} + 0,5 \quad (3.21)$$

мұндағы c – көлбеудің төселуі, м:

$$c = \frac{l_{1\text{п.в}} - l_{2\text{п.в}}}{2} = \frac{122,6 - 56,6}{2} = 22 \text{ м}$$

B_{Π} – ғимараттың жер асты бөлігінің ені:

$$B_{\Pi} = l_2 + 2 \cdot 0,5 = 54 + 2 \cdot 0,5 = 55 \text{ м}$$

a – кранның айналу осінен қазаншұңқырдың шетіне дейінгі қашықтық:

$$a = \frac{b}{2} + 0,5 + a_1 = \frac{6}{2} + 0,5 + 4 = 7,5 \text{ м}$$

мұндағы b – кран табанының ені, м;

a_1 – еңіс негізінен шпалдық құрылымға дейінгі ең аз рұқсат етілген қашықтық, м.

$$L_H = 7,5 + 9,5 + 55 + 0,5 = 72,5$$

Кранның қажетті жүккөтергіштігі (3.35) формуласы арқылы анықталады:

$$Q_{кр} = (q_1 + q_2) \cdot K \quad (3.21)$$

мұндағы q_1 – орнатылатын элементтің максималды салмағы:

$$q_1 = m_{61} + m_{62} = 0,36 + 2 = 2,36 \text{ т}$$

мұндағы m_{61} – қауға (бадьа) массасы, т;

m_{62} – бетон массасы, т;

q_2 – жүк түсіретін және басқа құрылғылардың салмағы $0,1 \div 0,15$, т.;

K – 1,08...1,12-ге тең қабылданатын жүк түсіру құрылғысының массасының ауытқу шамасын ескеретін коэффициент.

$$Q_{кр} = (2,36 + 0,1) \cdot 0,8 = 1,97 \text{ т}$$

Кран жебесінің қажетті ұзындығы (3.36) формуласымен анықталады.

$$L_{кр}^{тр} = \frac{b}{2} + a_1 + c \quad (3.21)$$

мұндағы b – кран асты жолының ені, м;


a_1 – көлбеу негізінен шпал құрылымына дейінгі ең аз рұқсат етілген қашықтық, м;

c – краннан ең қашық монтаждлатын элементтің ауырлық центрінен кранның шығып тұратын бөлігіне дейінгі арақашықтық (ғимараттың еніне тең депқабылданады), м.


$$L_{кр}^{тр} = \frac{5}{2} + 4 + 55 = 61,5 \text{ м}$$

Есептелінген параметрлер бойынша XCMG QY30K5 автокраны таңдалды. Жүк көтергіштігі 30тонна болатын жебелі автокраны дисперсті объектілерде тиеу-түсіру және құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған. Кран қондырғысы үш осьті арнайы кран шассиіне орнатылған. Автокранның сипаттамасы келесідей.

- Максималды жүк көтергіштігі – 30 т.;
- Жебенің ұзындығы – 38,7+10,1м;
- Кран ілгегінің максималды көтеру биіктігі – 45 м;
- Жебе секцияларын қолдануға рұқсат етілетін жүктің салмағы – 4 т.;
- Кранның қозғалу жылдамдығы – 75 км/сағ дейін;
- Көлік жағдайындағы кранның салмағы – 30т.;
- Автокөліктің дөңгелекті формуласы – 6х5.85;
- Көлік жағдайындағы кранның өлшемдері (ұзындығы, ені, биіктігі) – 12 х 2,5 х 3,39.



3.6-сурет – XCMG QY30K5 автокраны



3.7-сурет – XCMG QY25K5 автокранының жүк көтергіштігінің диаграммасы

Бөлімде жобаны жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шаралар анықталған. Құрылыс алаңындағы жұмыстардың реттілігін, логистика мен қауіпсіздікті ескере отырып, құрылыс жоспары жасалды. Құрылысқа қажетті жабдықтар мен ресурстарға баға берілді.

3.1 Бетон жұмыстары:

Ұстындарға бетоның қоспасын төсеу формуласы

$$V_K = h_K \cdot a \cdot b \cdot N_K$$

мұндағы $a \cdot b$ – ұстын қимасы, м;

h_K – ұстын биіктігі (аражабынға дейін), м;

N_K – қабаттағы ұстын саны, дана.

Жерасты қабаты бетоның қоспасын төсеу есебі:

$$V_K = 4 \cdot 0,4 \cdot 0,4 \cdot 115 = 73,6 \text{ м}^3$$

Ал 1-ші қабат үшін:

$$V_k = 3,75 \cdot 0,4 \cdot 0,4 \cdot 113 = 67,8 \text{ м}^3$$

2-ші қабат үшін былай болады:

$$V_k = 3,75 \cdot 0,4 \cdot 0,4 \cdot 86 = 51,6 \text{ м}^3$$

Типтік қабаттар үшін:

$$V_k = 3,75 \cdot 0,4 \cdot 0,4 \cdot 27 \cdot 7 = 113,4 \text{ м}^3$$

3.4.1 Арқалықтарға бетон қоспасын төсеу

Арқалықтар — ғимараттың көтергіш қаңқасындағы маңызды иілуге жұмыс істейтін элементтер болып табылады. Оларға түсетін жүктемелерді сенімді түрде іргетас немесе ұстындарға жеткізу үшін жоғары сапалы бетон және дұрыс есептелген қималар қажет. Осыған байланысты, әр қабат бойынша бетон көлемін алдын ала анықтау — құрылыс барысын жоспарлауда шешуші рөл атқарады.

Бетон көлемін есептеу үшін келесі формула қолданылады:

$$V_6 = c \cdot a \cdot b \cdot N_6$$

мұндағы $a \cdot b$ – арқалықтың көлденең қимасы, м^2 (ені мен биіктігі),;

c – арқалық ұзындығы немесе ұстындар арасындағы орташа арақашықтық, м ;

N_6 – нақты қабаттағы жалпы арқалықтар саны, дана.

Жерасты қабатындағы арқалықтар, әдетте, жүктемені жер асты қабырғалары мен бағаналарға өткізуге жауапты. Бұл қабатта жүктемелер үлкен, сондықтан бетон көлемі де салыстырмалы түрде жоғары:

$$V_6 = 6 \cdot 0,4 \cdot 0,5 \cdot 184 = 220,8 \text{ м}^3$$

Бірінші қабатта арқалықтар көбінесе кіру топтары, вестибюль және жүк қабылдайтын аймақтардың үстіндегі жабындарды ұстап тұрады. Олардың саны мен ұзындығы едәуір:

$$V_6 = 6 \cdot 0,4 \cdot 0,5 \cdot 176 = 211,2 \text{ м}^3$$

Типтік қабаттар (әдетте 3-қабаттан бастап жоғарғы қабаттарға дейін) стандартты жоспармен қайталанатындықтан, мұнда арқалықтар саны мен құрылымы бірдей. Бетон көлемі жалпы 7 қабатқа есептеледі:

$$V_6 = 6 \cdot 0,4 \cdot 0,5 \cdot 44 \cdot 7 = 369,6 \text{ м}^3$$

3.4.2 Қабырғаға бетон қоспасын төсеу

Қабырғалар – ғимараттың тік жүктемелер мен көлденең әсерлерге жұмыс істейтін кеңістіктік қаттылықты қамтамасыз ететін маңызды элементтері. Оларға бетон қоспасын дұрыс мөлшерде және сапада төсеу құрылымның сенімділігіне тікелей әсер етеді.

$$V_c = S_c \cdot t_c$$

мұндағы S_c – барлық қабырғалардың жалпы ауданы, м^2
 t_c – қабырға қалыңдығы, м;

Қабырғалар ауданы мынадай түрде анықталады:

$$S_c = L_{\text{ст}} \cdot h_{\text{ст}}$$

мұнда $L_{\text{ст}}$ – бір қабырға сегментінің ұзындығы,
 $h_{\text{ст}}$ – қабаттың биіктігі,

Жерасты қабаты үшін бетон есебі:

$$S_c = 5,5 \cdot 3,8 \cdot 34 = 514,8 \text{ м}^2$$

$$S_c = 1,5 \cdot 3,8 \cdot 12 = 69,3 \text{ м}^2$$

$$S_{\text{с.общ}} = 514,8 + 69,3 = 584,1 \text{ м}^2$$

1-ші қабатқа:

$$S_c = 4,5 \cdot 3,8 \cdot 42 = 725,4 \text{ м}^2$$

$$S_c = 1,5 \cdot 3,8 \cdot 17 = 97,65 \text{ м}^2$$

$$S_{\text{с.общ}} = 725,4 + 97,65 = 823,05 \text{ м}^2$$

Типтік қабаттарға:

$$S_c = 4,5 \cdot 3,8 \cdot 15 = 248,26 \text{ м}^2$$

$$S_c = 1,5 \cdot 3,8 \cdot 13 = 75,56 \text{ м}^2$$

$$S_{\text{с.общ}} = 248,26 + 75,56 = 323,82 \text{ м}^2$$

Қабырғалар үшін бетон көлемін нақты анықтау — бетон жеткізу графигін құрастыру, еңбек күші мен жабдықтардың өнімділігін жоспарлау кезінде маңызды. Әр қабат бойынша қабырға аудандары есептеліп, қалыңдық ескерілгеннен кейін бетон қоспасының нақты қажетті көлемі анықталады.

Жерасты қабаты үшін:

$$V_c = 584,1 \cdot 0,3 = 175,23 \text{ м}^3$$

1-ші қабат үшін:

$$V_c = 823,05 \cdot 0,3 = 246,915 \text{ м}^3$$

Типтік қабат үшін:

$$V_c = 323,82 \cdot 0,3 \cdot 7 = 680,022 \text{ м}^3$$

3.4.3 Аражабын тақтасын бетон қоспасын төсеу

$$V_{\pi} = L_1 \cdot B_1 \cdot t_{\pi}, (\text{м}^2)$$

Жерасты қабатына:

$$V_{\pi} = 50 \cdot 55 \cdot 0,25 = 687,5 \text{ м}^3$$

1-ші қабатқа:

$$V_{\pi} = 50 \cdot 55 \cdot 0,25 = 687,5 \text{ м}^3$$

Типтік қабатқа:

$$V_{\pi} = 20 \cdot 35 \cdot 0,25 \cdot 7 = 1225 \text{ м}^3$$

3.4.4 Еден тақтасының бетон бетін сумен суару

$$S_{\pi} = L_1 \cdot B_1, (\text{м}^2)$$

мұндағы, L_1 - ғимарат ұзындығы, м;

B_1 - ғимарат ені, м;

$$S_{\pi} = 45 \cdot 12 = 540 \text{ м}^2$$

3.5 Еңбек сыйымдылығын және еңбек шығындарын анықтау

Еңбек шығындары мен жалақыны есептеу – бұл жобадағы нақты тапсырмаларды орындау үшін қажет жұмыс күшінің құнын жан-жақты талдап, жүйелі бағалау процесі. Бұл кезең жұмысшыларға қойылатын талаптарды анықтаудан бастап, жалақыны төлеуге дейінгі барлық сатыларды қамтиды.

Еңбек шығындарын есептеу үшін жұмысшылардың 45 түрлі біліктілік санаты, олардың тарифтік мөлшерлемелері, тапсырмаларды орындауға жұмсалатын уақыт көлемі, сондай-ақ салықтар мен сақтандыру жарналары сияқты еңбекке байланысты қосымша шығындар есепке алынады.

Бұл – ресурстарды ұтымды пайдалану мен кәсіби мамандарды тартуды қамтамасыз етуге бағытталған, мұқият жоспарлау мен талдауды талап ететін күрделі үрдіс.

Дипломдық жоба бойынша еңбек сыйымдылығы мен еңбек шығындарының есебі Б қосымшасында берілген.

3.6 Құрылыс жұмыстарының күнтізбелік жоспарын жасау

Құрылыс жұмыстарының күнтізбелік жоспары – құрылыс процесінің кезеңдерін және олардың орындалу мерзімдерін көрсететін нақты әрі жүйелі кесте. Бұл жоспар жобалау-сметалық құжаттама негізінде құрастырылады және ауа райының ықтимал әсері, еңбек және материалдық ресурстардың жеткіліктілігі, техникалық талаптар мен құрылыс техникасының қолжетімділігі сияқты бірқатар шарттарды ескеруге бағытталған.

Күнтізбелік жоспарды жасау жұмыстары алдымен жобалық материалдарды талдаудан басталып, құрылыс кезеңдерінің орындалу ретін анықтаумен жалғасады. Оған дайындық жұмыстарынан бастап, іргетас құю, қаңқалық және көтергіш құрылымдарды тұрғызу, ішкі әрлеу жұмыстары, сонымен қатар нақты колледж ғимаратының ерекшеліктеріне байланысты қосымша кезеңдер де кіреді.

Жұмыс түрлерінің орындалу тәртібі мен ұзақтығы белгіленген соң, әр кезеңнің басталу және аяқталу уақыты көрсетілген жалпы құрылыс мерзімі дайындалады. Бұл диаграмма ықтимал кідірістерді, ресурстардың уақтылы жеткізілуін және бір-біріне тәуелді жұмыс түрлерінің орындалу тәртібін есепке алады.

Күнтізбелік жоспар – құрылыс барысын үйлестіру мен басқарудағы басты құрал болып саналады. Колледж нысаны бойынша құрылыс жұмыстарының есептік деректері осы жобаның Б қосымшасында көрсетілген.

Механикаландырылған процестердің ұзақтығы анықталады:

$$\Pi_m = \frac{N_{m,cm}}{n \cdot A} \quad (Б. 3)$$

мұндағы $N_{м, см}$ -машина ауысымының қажетті саны;
 n - машиналар саны;
 A - тәулігіне ауысым саны.

Процестердің ұзақтығы, қолмен орындалатын:

$$П_a = \frac{Q}{n \cdot A} \quad (Б. 4)$$

мұндағы Q - еңбек шығындары (адам-күн.);
 n - ауысымдағы жұмысшылар саны.

Барлық процестер басталу және аяқталу мерзіміне байланысты болуы керек.

1) Уақытша қоршау құрылысы процессінің ұзақтығы:

$$П_a = \frac{Q}{n \cdot A} = \frac{19,48}{9 \cdot 1} = 2,16$$

2) Өсімдік қабатын кесу процессінің ұзақтығы:

$$П_m = \frac{N_{м.см}}{n \cdot A} = \frac{19,48}{2 \cdot 2} = 4,8$$

3) Қазаншұңқырдағы топырақты және қазаншұңқырға кіру траншеяларын өңдеу процессінің ұзақтығы:

$$П_a = \frac{Q}{n \cdot A} = \frac{169,789}{18 \cdot 1} = 9,38$$

$$П_m = \frac{34,87}{1 \cdot 2} = 17,43$$

4) Топырақтың жетіспеушілігін дамыту процессінің ұзақтығы:

$$П_a = \frac{Q}{n \cdot A} = \frac{34,87}{1 \cdot 4} = 21,50$$

5) Іргетас астына бетон төсенішін құру процессінің ұзақтығы:

$$П_a = \frac{Q}{n \cdot A} = \frac{19,32}{4 \cdot 1} = 6,54$$

6) Плиталы іргетас арматурасын қолмен монтаждау процессінің ұзақтығы:

$$П_a = \frac{Q}{n \cdot A} = \frac{107,49}{4 \cdot 1} = 9,87$$

7) Іргетастың қалыптарын орнату процессінің ұзақтығы:

$$П_a = \frac{Q}{n \cdot A} = \frac{108,56 + 50,33}{4 \cdot 3} = 13,24$$

$$П_m = \frac{N_{м.см}}{n \cdot A} = \frac{6,67}{2 \cdot 2} = 1,67$$

8) Іргетастың бетон қоспасын төсеу процессінің ұзақтығы:

$$П_a = \frac{Q}{n \cdot A} = \frac{115,108}{18 \cdot 1} = 6,4$$

$$П_m = \frac{N_{м.см}}{n \cdot A} = \frac{19,32}{1 \cdot 2} = 9,66$$

9) Іргетастың қалыптарын жинау процессінің ұзақтығы:

$$П_a = \frac{Q}{n \cdot A} = \frac{59,62 + 39,48}{2 \cdot 2} = 9,52$$

$$П_m = \frac{N_{м.см}}{n \cdot A} = \frac{6,67}{2 \cdot 2} = 1,7$$

10) Іргетас гидроизоляциясын жағу процессінің ұзақтығы:

$$П_a = \frac{Q}{n \cdot A} = \frac{2,95}{3 \cdot 1} = 0,98$$

11) Қайта толтыру процессінің ұзақтығы:

$$П_m = \frac{N_{м.см}}{n \cdot A} = \frac{0,71}{1 \cdot 2} = 0,35$$

12) Топырақты тығыздау процессінің ұзақтығы:

$$П_{\text{м}} = \frac{N_{\text{м.см}}}{n \cdot A} = \frac{5,62}{1 \cdot 2} = 0,703$$

13) Аумақты түпкілікті жоспарлау процесінің ұзақтығы:

$$П_{\text{а}} = \frac{Q}{n \cdot A} = \frac{5,074}{18 \cdot 1} = 0,28$$

$$П_{\text{м}} = \frac{N_{\text{м.см}}}{n \cdot A} = \frac{2,06}{1 \cdot 2} = 1,03$$

14) Уақытша қоршауды жинау процессінің ұзақтығы:

$$П_{\text{а}} = \frac{Q}{n \cdot A} = \frac{2,06}{3 \cdot 1} = 0,46$$

Жұмысшылардың біркелкі емес қозғалыс коэффициенті бойынша кестенің дұрыстығын анықтау:

$$K_{\text{нер}} = \frac{n_{\text{max}}}{n_{\text{ср}}} = \frac{5}{13,40} = 0,37$$

мұндағы n_{max} – объектідегі жұмысшылардың ең көп саны;

$n_{\text{ср}}$ – жұмысшылардың орташа саны:

$$n_{\text{ср}} = \frac{\sum Q}{P_{\text{общ}}} = \frac{630,067}{46,69} = 13,40$$

мұндағы $\sum Q$ – жиынтық еңбек сыйымдылығы (еңбек шығындары);

$P_{\text{общ}}$ – жұмыс кестесі бойынша анықталатын жалпы ұзақтығы.

$$K_{\text{нер}} \leq 1,5$$

3.7 Құрылыс алаңының ұйымдастыру жұмыстары

Құрылыс алаңын ұйымдастыру – бұл құрылыс алаңын дайындауға және құрылыс процесінің қауіпсіз әрі тиімді өтуін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастырушылық-техникалық шаралар кешені. Колледж құрылысына арналған бұл кезең бірнеше маңызды сатылардан тұрады:

– Алаңды бастапқы дайындау. Бұл кезеңге құрылыс алаңын өсімдіктер қабатынан, қоқыс пен бөгде заттардан тазарту, геодезиялық өлшеулер жүргізу арқылы учаскенің шекараларын белгілеу және құрылыс объектілерінің

орналасуын нақтылау, сондай-ақ топырақты тегістеу мен дайындау жұмыстары кіреді. [14]

– Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету. Бұл бағыттағы іс-шараларға қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау, жұмысшыларды оқыту, жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ құрылыс нысанында өндірістік қауіпсіздік жоспарын әзірлеп, іске асыру жатады. Бұл жұмыс процесіндегі жазатайым оқиғалардың алдын алуға бағытталған маңызды шаралар болып табылады.

– Қолжетімділік пен логистикалық жағдайларды ұйымдастыру. Құрылыс техникасы мен көлік құралдарының алаңға еркін кіруін қамтамасыз ету, құрылыс материалдары мен жабдықтарының уақытылы жеткізілуіне жағдай жасау үшін арнайы логистикалық схема әзірленеді.

– Уақытша құрылымдарды орналастыру. Бұл бөлімге құрылыс материалдарын сақтауға арналған қоймалар, персоналға арналған тұрмыстық бөлмелер (киім ауыстыру, жуыну, тамақтану, демалу), сондай-ақ уақытша кеңсе және әкімшілік ғимараттарын орнату кіреді.

Колледж құрылысына қажет қоймалардың көлемі мен сипаттамалары 3.4-кестеде келтірілген.

Уақытша қойма үй-жайларын ұйымдастыру

Материал сақтайтын қоймалардың келесі стандарттары қабылданады:

- жергілікті – 5-7 күн (құм, қиыршық тас, блоктар, панельдер, оқшаулар және т.б. материалдар үшін)
- әкелінетін – 10-15 күн (цемент, әк, есік жапқыштары, орама материалдар, металл конструкциялары)

Ашық қоймалар құрылыс алаңында монтаждау кранының жұмыс істеу шегінде оларды сақтау үшін бөлінген нақты орын көрсетіле отырып, түрі мен маркасы бойынша қалып элементтері орналастырыла отырып орнатылады. [14]

Кесте Б.3 – Объектілі қоймаларды жобалау

Конструкциялардың, материалдардың атауы	Q	T, күн	n, күн	P	R, м ²	S, м ²	Қойма түрі
Қалқан	-	-	-	15324,6	0,07	1072,7	Ашық
Арматура	16694,2	400	13	775,9	1,4	1086,26	Ашық
Цемент	116,8	150	13	14,5	9,1	131,95	Жабық
Витраж	422,4	60	6	60,4	1,8	108,72	Жабық
Утеплитель	720,6	120	13	111,6	3,2	357,12	Жабық

Негізгі материалдар мен бұйымдар үшін қойманың пайдалы ауданын есептеу (Б.5) формула арқылы анықталады.

$$P_{\text{скл}} = \left(\frac{Q}{T}\right) \cdot a \cdot n \cdot k \quad (\text{Б. 5})$$

мұндағы a – материалдардың біркелкі түспеу коэффициенті, $a = 1,1$;
 k – материалдардың біркелкі жұмсалмауының коэффициенті,
 $k = 1,3$;
 n – күндерде материалдар қорының нормасы;
 T – есептік кезеңнің ұзақтығы, күн.

Белгілі бір материалдарға бөлінген қойманың ауданы (Б.6) формула бойынша жүзеге асырылады.

$$S_{\text{тр}} = P_{\text{скл}} \cdot R \quad (\text{Б. 6})$$

Қойма ауданының есептелуі Б.3.1 кестесінде көрсетілген.

Барлық аумақтың ішінде жабық қойма 240,67 м² құрайды. Жабық қойма ретінде металл контейнер қолданылады.

Ашық қойманың ауданы 4317,92 м² құрайды.

Уақытша сумен жабдықтау есебі

Уақытша сумен қамту, яғни жабдықтау есебі өндірістік ($Q_{\text{пр}}$), тұрмыстық ($Q_{\text{хоз}}$) және өрт қауіпсіздігіне қажетті болатын су мөлшерін анықтауға, сондай-ақ су өткізгіштің үдемелі жүйесінің диаметрін анықтауға келіп тіреледі. [14]

Өндірістік мақсаттағы судың шығыны:

$$Q_{\text{пр}} = 1,2 \cdot \sum \frac{Q_{\text{ср}} \cdot k_1}{8,2 \cdot 3600} \quad (\text{Б. 7})$$

мұндағы 1,2 – есепке алынбаған шығындар коэффициенті;
 $Q_{\text{ср}}$ – ауысымдағы судың орташа өндірістік шығыны, л;
 $k_1 = 1,6$ – ауысымдағы су шығынының бірқалыпты еместігінің коэффициенті.

Кесте Б.4 – Өндірістік су шығынының жалпы қосындысы

№	Тұтынушының атауы	Өлшем бірлігі	Үлестік шығын, л	Саны	Есептік шығын, л
1	Бетон дайындау	м3	300	27	8100

Кесте - Б.4 жалғасы

2	Ерітінді дайындау	м3	300	4,80	1440
3	Бетон құю	м3	300	13	3900
6	Бояу жұмыстары	м2	1	235	235
7	Экскаватор жұмыстары	маш-сағ	15	8	120
8	Бетон дайындау құрылғысы	м3	650	3,25	2112
9	Ағаштар отырғызу	ағаш	150	50	7500
Жалпы шығын:					23507

Су шығыны:

$$Q_{\text{пр}} = 1,2 \cdot \sum \frac{23507 \cdot 1,6}{8,2 \cdot 3600} = 1,5 \text{ л/с}$$

Шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы судың шығыны:

$$Q_{\text{хоз}} = \frac{R_{\text{max}}}{3600} \cdot \left(\frac{n_1 \cdot k_1}{8,2} + n_2 \cdot k_2 \right) = \frac{65}{3600} \cdot \left(\frac{12,5 \cdot 1,6}{8,2} + 30 \cdot 0,35 \right) = 0,28 \text{ л/с}$$

мұндағы R_{max} – ауысымдағы жұмысшы адамдардың ең көп саны;
 $n_1=12,5$ л – канализациясы жоқ алаңда ауысымдағы бір адамның су қолдану мөлшері;
 $n_2=30$ л – бір душ қабылдауда су қолдану мөлшері;
 $k_2=0,35$ – ауысымда жұмысшылардың ең көп мөлшері душ қолдануының коэффициенті.

Өртке қарсы мақсатындағы су шығыны бірдей уақытта су шығыны 5 л/сек болатын екіден кем емес өртті сөндіру гидранттарының есебінен анықталады:

$$Q_{\text{пож}} = 4 \cdot 5 = 20 \text{ л/с}$$

Мұндай судың шығыны 10га ауданға дейінгі нысындарда қолданады. [14]
 Судың жалпы алғандағы шығыны:

$$Q_{\text{общ}} = Q_{\text{пр}} + Q_{\text{хоз}} + Q_{\text{пож}} = 1,5 + 0,28 + 20 = 21,78 \text{ л/с}$$

Өртке қарсы мақсатындағы судың шығыны өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық судың шығынынан артық болуы себебінен, өткізгіш құбыр диаметрін анықталған өрттік қажеттіліктен ғана анықтаймыз. [14]

Уақытша судың өткізу құбырының диаметрі:

$$D = \sqrt{\frac{4 \cdot Q_{\text{пож}}}{\pi \cdot V \cdot 1000}} = \sqrt{\frac{4 \cdot 20}{3,14 \cdot 1,75 \cdot 1000}} = 0,12 \text{ м}$$

мұндағы $V=1,75$ м/с – құбырдың кіші диаметрі бойынша судың қозғалу жылдамдығы.

Диаметрі 120 мм болатын құбырды таңдаймыз.

Өткізгіш құбыр төсемі мен су айдағыш құдықтар ғимараттардан 5 метрден кем емес қашықтықта орналасады, судың ағып кету жағдайында ғимарат негізін суламау үшін.

Уақытша электрмен жабдықтау есебі

Электрмен жабдықтау жүйелерінің күштік тұтынушылардың энергетикалық жабдықтауына (P_c), технологиялық қажеттіліктеріне (P_t), құрылыс нысандары мен қосалқы бөлімдері мен көмекші ғимараттардың ішкі жарықтандыру жұмыс түрлеріне (P_{ov}), күзету және құрылыс жинақтау жұмыстарының өндіріс орындарын, өтпе жолдар мен машина жолдарын сыртқы жарықтандыруға арналған. Электр жүктемелерінің есебі (P_n) электрқабылдағыштарға орнатылған қуаты мен тұтынушылардың дифференциалдық сұраныс коэффициенті арқылы анықталады.

$$P_n = \alpha \cdot \left(\sum \frac{k_1 \cdot P_c}{\cos \phi_c} + \sum \frac{k_2 \cdot P_m}{\cos \phi_m} + \sum k_3 \cdot P_{ov} + \sum k_4 P_{on} \right) \quad (\text{Б. 8})$$

мұндағы $\alpha = 1,05$ – жүйедегі жоғалтуларды ескеретін коэффициент;

$k_1; k_2; k_3; k_4$ – сұраныс коэффициенттері;

P_c – күштік тұтынушылардың қуаты, кВт;

P_t – технологиялық қажеттіліктер қуаты, кВт;

P_{ov} – ішкі жарықтандыру қондырғысының қуаты;

P_{on} – сыртқы жарықтандыру қондырғысының қуаты, кВт;

$\cos \phi_1, \cos \phi_2$ – қуаттың орташа коэффициенттері.

Кесте Б.5 – Электрлік жүктемелер есебі

